


ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер вице-ректоры

  
Э.К.Идрисова

05 2023 ж.

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ  
бағыты бойынша  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ  
2022-2023 оқу жылындағы

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

## 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

### 1. АҚ жұмысы ұйымдастырып, ережелермен танысылды, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары әзірленді

Академиялық комитет мүшелеріне, күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша яғни, АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу бойынша академиялық комитет ережесі мен жұмыс жоспары ұсынылды. Жұмыс жоспарындағы негізгі мәселе 2023-2024 оқу жылына қабылданатын білімгерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеу. Білім беру бағдарламасын әзірлеу мақсатында жұмыс берушілермен қатар кафедра білікті мамандары да ат салысу қажет. Соңғы үш жылда білім беру бағдарламасында өзгерістер болған жоқ. Келесі оқу жылынан бастап нарық және қоғамның сұранысына, жұмыс берушілердің ұсынысына қарап, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуын ескере отырып білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу қажеттілігі айтылды. Жалпы академиялық комитет ережесі мен жұмыс жоспарына алып қосарлары болмаса бекіту ұсынылды. АҚ мүшелері тарапынан бір ауыздан қолдады. Қарсы, қалыс қалған жоқ.

### 2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізілді

АҚ жұмысы ұйымдастырылып «Гуманитарлық ғылымдар» даярлау бағыты бойынша АҚ жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды. айта кетейік Түркістан облысы әкімдігі Қоғамдық даму басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу» орталығының директор орынбасары М.Халықовпен және ҚР МСМ «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары М.М.Тастанбековпен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Халықов: Әлемде Дінтану халықаралық мәртебе беріліп, оны дамыту бағдарламасының жасалуы – тілдің даму стратегиясының ресми көрінісі. Осы тұрғыдан келгенде, Дінтанушы мамандарын сапалы дайындау қазіргі таңда өте маңызды мәселе болып отыр. Осымен байланысты Қазақстандағы жоғары білім беруге негізделген 6B02228-Дінтану мамандарын даярлау жүйесінің көздейтін мақсаты – жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен білімін жетілдіре алатын, ең бастысы мамандығы бойынша қажетті білім, іскерлік, дағдысы қалыптасқан терең білімді және оны жас ұрпақты тәрбиелеуде қолданудың әдістемелік жүйесін білікті, ізгілікті маман даярлау.

Білімгерлердің жалпы мәдениеттілік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға қажетті білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне жетуі оқу пәндері арқылы қамтамасыз етіледі. Білім беру бағдарламасының оқу пәндерінің қысқаша сипаттамалары олардың қазіргі таңдағы заманауи педагогикалық, инновациялық және креативтік технологияларды меңгеруге және жоспарланған оқыту нәтижелерін толық меңгеруге бағытталғанын көрсетеді. Осы мақсатта 2023 жылы қабылданатын білімгерлердің білім беру бағдарламасына «Мамандыққа кіріспе», «Түркі ислам тарихы және мәдениеті», «Өркениеттер тарихы», «Діни профилактика және оңалту негіздері», «Діни толеранттылық негіздері», «Дінтанулық талдау, сараптама және мониторинг негіздері», «Ғылым және дін» секілді пәнді енгізу қажет.

### **3. Университет түлектерінің моделін әзірледі**

Университет түлектерінің моделін әзірлеу бойынша ӘЖҮБ басшысы Е.Шахабаевпен 2 рет отырыс өтті. Нәтижесінде Университет түлектерінің моделін әзірлеу бойынша ұсыныс берілді.

### **4. ББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жоспарлау жүргізілді**

Жалпы Дінтану білім беру бағдарламасын әзірлеудегі мақсатымыз заманауи еңбек нарығының және жұмыс берушілердің сұранысына жауап беретін. Қазақстандағы діни ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету және дінтанулық ағарту жұмыстарын іске асыруға қабілетті, жоғары білікті мамандарды дайындау. Соңғы үш жылда білім беру бағдарламамызда өзгерістер жоқ. Заманауи еңбек нарығын ескере отырып 2023-24 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін жаңа білім бағдарламасын әзірлеу қажет екендігі, ал қолданыстағы білім беру бағдарламаларына постмониторинг жұмыстарын жүргізу керектігі ескерілді.

## **2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

### **1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті ұйымдастырылды**

Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқыланды. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына орай Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау айтылды.

2023-2024 Оқу жылына ББ жаңартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгереді. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде менгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде 172 академиялық кредитті құрайды делінген осы мәселені толықтай қарау керек. Пәндерді біріктіру мәселесін ақылдасып шешу ұсынылды.

### **2. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу**

Гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша білім беру бағдарламалары 2020 жылы тәуелсіз аккредиттеу агенттігінің мамандандырылған аккредитациясы шеңберінде стандарттар өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан өзін-өзі бағалау есебін әзірлеп аккредитациядан өткен болатын. Дегенмен өзіндік бағалау есебінде 2021-22 оқу жылында

жасалынатын жұмыстардың жоспары әзірленген еді. Өзіндік бағалау есебінде 10 стандартта көрсетілген баптар бойынша эксперттердің ұсыныстарына атқарылған іс-шаралар жайында қазан айының соңында жазбаша және қараша айының басында онлайн форматта есеп берілді.

### **3.ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды**

Соңғы үш жылда гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша білім беру бағдарламаларында өзгеріс жоқ екендігі баршамызға мәлім. Келесі оқу жылы яғни 2023-24 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін жаңа білім бағдарламасын әзірлеу мақсатында семинар-тренингтер ұйымдастыру ісі жұмыс берушілердің бос уақытына байланысты желтоқсан айына шегерілді. Желтоқсан айында жұмыс беруші «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» директор орынбасары М.Халиков пен «Әзіреті Сұлтан тарихи-мәдени қорық музейі» директор орынбасары М.Тастанбеков шақырылатын болды.

### **4.Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау**

Жалпы Дінтану және Теология білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты заманауи еңбек нарығының және жұмыс берушілердің сұранысына жауап беретін. Қазақстандағы діни ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету және дінтанулық ағарту жұмыстарын іске асыруға қабілетті, жоғары білікті мамандарды дайындау; Ал тарихы білім беру бағдарламасы тарихи және педагогикалық білімдерді терең меңгерген, тарих пәнін жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқыту әдістемесін жүзеге асыратын, тарихи үдерістерге өзіндік талдау жасап оқытуға қабілетті болашақ тарихшы- педагог мамандарды даярлауға бағытталған. Түркітану білім бағдарламасы бойынша кәсіби дағдыларын игерген, бәсекеге қабілетті маман ретінде түркітанудың іргелі принциптерінің негізінде заманауи тұжырымдамалық мәселелерді талдай алатын және түркі халықтарының мәдениетаралық қарым-қатынастарын, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық процестерін объективті түрде бағалай алатын тұлғаны даярлау. Осы мақсаттарды қайта қарап оқыту нәтижелерін айқындау айтылды.

### **5.Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау**

Білім беру бағдарламаларында бірнеше жалпы құзыреттер бар. Атап айтар болсақ: Ақпараттық коммуникациялық технологияларды және қоғам, кәсіби ортада коммуникативті дағдыларды қолдана білу қабілеттілігі, біртұтас ғылыми жүйелік көзқарасқа негізделген әртүрлі жағдайларды бағалау қабілеті, салауатты өмір салтын ұстану, әлеуметтік ортада адамды қалыптастыру және анықтау қабілеті, кәсіби қызметтің барысында пайда болатын мәселелердің ғылыми сипатын анықтау мүмкіндігі, оларды шешу үшін тиісті дінтанулық ақпаратты тарту, діни-философиялық және моральдық құндылықтарды білу, діндердің құқықтық және идеологиялық негіздерін білу, діни қозғалыстар мен діни мәселелерге талдау жасау. Осы құзыреттерге негізделген оқыту нәтижелерін де қайта қарауымыз қажет. Білім беру бағдарламалардағы оқыту нәтижелер түлектер атрибуттарына негізделуі қажет. Түлектер атрибуттары мәжілісіміздің 1-ші хаттамасында айтылған болатын. Сол атрибуттарға өзгерістер енгізу қажеттігі туралы ұсыныстар берілді.

## 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

### 1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру

2023-2024 Оқу жылына ББ мазмұнын жобалауға байланысты желтоқсан айында жұмыс беруші «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» директор орынбасары М.Халиков пен «Әзіреті Сұлтан тарихи-мәдени қорық музейі» директор орынбасары М.Тастанбековпен семинар, тренинг ұйымдастырылды, жаңа ББ байланысты және түлек атрибуттарына байланысты жұмыс берушілердің ұсыныстары тыңдалды.

Тарих БББ бойынша жұмыс берушілермен ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды. Жұмыс беруші өкілдер мен ПОҚ ББ мазмұнын қайта жобалауға байланысты ұсыныстары ескерілді.

### 2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау

Бакалавриат бойынша кемінде 240 академиялық кредит ішінде 56 кредит міндетті пәндер бар. Осыған байланысты 2-3 семестр бойы мамандыққа қатысты пәндер кейінгі семестрлерге сырғиды. Бұл бойынша дінтану және теология мамандары Мармара және Анкара университеттерінің БББ қарай отырып, сол бойынша Дінтану және Теология БББ 8 семестрлік пәндер қайта қарастырылды. Бұл бойынша арнайы екі кафедра ПОҚ отырыс ұйымдастырып, бірге қарады.

Теология ББ біздің кафедра жұмыс тобы Мармара университеті Теология БББ-на сәйкестендіре отырып қайта жобаладық. Теология БББ бойынша да 56 кредиттік міндетті пәндер де бізде қиындық тудыруда. Себебі 1-3 семестрде оқытылатын міндетті 56 кредит болғандықтан Мармара университеті БББ-мен аталған семестрлерде оқытылатын пәндер мүлдем сәйкес келмейді. Осы мәселені шешіп алуымыз керектігі айтылды.

Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау бойынша 56 кредиттік міндетті пәндер бойынша туындаған мәселелер басшылықпен бірге қайта қаралуы жөнінде шешім қабылданды.

### 3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау

Тарих білім беру бағдарламасы тарихи және ғылыми білімдерді терең меңгергең, тарих пәнін жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқыту әдістемесін жүзеге асыратын, тарихи үдерістерге өзіндік талдау жасап оқытуға қабілетті болашақ тарихшы мамандарды даярлауға бағытталған. Дінтану және Теология білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты заманауи еңбек нарығының және жұмыс берушілердің сұранысына жауап беретін, Қазақстандағы діни ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету және дінтанулық ағарту жұмыстарын іске асыруға қабілетті, жоғары білікті мамандарды дайындау. Түркітану білім бағдарламасы бойынша кәсіби дағдыларын игерген, бәсекеге қабілетті маман ретінде түркітанудың іргелі принциптерінің негізінде заманауи тұжырымдамалық мәселелерді талдай алатын және түркі халықтарының мәдениетаралық қарым-қатынастарын, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық процестерін объективті түрде бағалай алатын тұлғаны даярлау. Осы аталғандар гуманитарлық ғылыми бағыт бойынша БББ-ның мазмұнын оқыту стратегиясының бағыттарын құрауы керектігі айтылды.

## 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

### 1. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу

Қаңтар айында Тарих БББ бойынша ішкі және сыртқы сараптаудан қайта өткізу жұмыстары жүріп жатыр. Себебі жаңартылған ББ ішкі сараптаудан өткеннен кейін сыртқы сараптауға бергенбіз. Жұмыс беруші өкілдер мен сыртқы сарапшының ББ мазмұнын қайта жобалауға байланысты ұсыныстары ескеріліп, реттелгеннен кейін сыртқы сараптаумен кері байланыс жасалынды.

Теология ББ біздің кафедра жұмыс тобы Мармара университеті Теология БББ-на сәйкестендіре отырып қайта жобалағанбыз. Теология БББ бойынша да 56 кредиттік міндетті пәндер де бізде қиындық тудырғанын айтып ескерткенбіз. Себебі 1-3 семестрде оқытылатын міндетті 56 кредит болғандықтан Мармара университеті БББ-мен аталған семестрлерде оқытылатын пәндер мүлдем сәйкес келмейді. Осы мәселені шешу жолдары қарастырылды.

Ахмет Ясауи университеті, Филология факультеті, Түрік филологиясы кафедрасы әлемдегі ең маңызды университеттердің бірі Түркия Республикасындағы Гази, Мармара, Ыстамбұл және Хаджеттепе университеттерінің БББ сараптап. Ахмет Ясауи университетінің ерекше статусын ескере отырып, бағдарлама жаңартылды. Осы білім беру бағдарламасының мазмұнын құру барысында біздің түлектер тек Қазақстан немесе Түркияда ғана емес, бүкіл түркі әлемінде орын алатын деңгейге жетуі ескерілді. Осы орайда түркология білімінің негізін құрайтын түркі диалектілерін теориялық тұрғыдан оқытумен қатар, тәжірибелік білім мен оқыту үлгісі де қабылданды. Салыстырмалы тіл мен әдебиет сабақтарында біздің студенттерге білім беруде ғана емес, сонымен қатар аудармада да көптеген салаларда өздерін жетілдіре алатын жобалар ұсынылады.

### 2. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну.

Дінтану бакалавр және магистратура ББ паспорттары дайындалып, жұмыс беруші өкілдері мен АК персоналдың пікірлері де алынды. 7M02212-Түркітану ББ паспорты дайындалды, ББ бойынша жаңарту жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Себебі кейбір пәндердің кредиттері қысқартылып немесе көбейтіліп дегендей біршама өзгерістер орын алды.

### 3. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу

Бакалавр деңгейіндегі жаңартылған және жаңа әзірленген ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу мәселесі бойынша Дінтану ББ бойынша 7M02212-Түркітану, 7M02211-Дінтану және 7M02262-Теология ББ эксперттерге ұсынылып, олардың ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірленіп, ББ қайта реттелді.

2023-2024 оқу жылына 7M02211-Дінтану білім беру бағдарламасын әзірледік. Білім беру бағдарламасына жаңа пән қосылған жоқ. Дегенмен кредит жағынан аздап өзгерістер

орын алды. Атап айтар болсақ, Қорытынды аттестаттау модулі бойынша магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға берілген 12 кредит 8 кредитке қысқарды. Ал артылған 4 кредит 3 семестрде оқытылады таңдау компонентіндегі 5 кредиттік 6 пәнге қосылды. Олар: Діндарлық психологиясы мен Дін және ғаламтор пәндері 7 кредит, Дінтану әдіснамасы мен Қазіргі заманғы діни үдерістер пәндері 6 кредит, Діни білім беру мен Киелі мәтіндер: кеше және бүгін пәндері 6 кредит көлемінде оқытылады болды. Сонымен қатар Ғылыми-зерттеу құралдары модуліндегі Академиялық ғылыми жазба пәні 1 семестрден 2 семестрге ауыстырылды. Ал жоғары оқу орны компонентіндегі Дәстүрлі түркілік діни таным пәні 2 семестрден 1 семестрге ауыстырылды.

2023-2024 оқу жылына қабылданатын білім алушылар үшін 7M02262-Теология білім беру бағдарламасына жаңа пән қосылған жоқ. Алайда пәндердің кредиттерінде өзгерістер болды. Қорытынды аттестаттау модулі бойынша магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға берілген 12 кредит 8 кредитке қысқарды. Ал артылған 4 кредит 3 семестрде оқытылады таңдау компонентіндегі 5 кредиттік 6 пәнге қосылды. Олар: Киелі мәтіндер интерпретациясы мен Қолданбалы дін социологиясы пәндері 7 кредит, Хадистерді сыни талдау мен Қазақстандағы зайырлылық ұстаным пәндері 6 кредит, Теологияның әдіснамалық проблемалары мен Дін саласындағы халықаралық құқық пәндері 6 кредит көлемінде оқытылады болды. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу құралдары модуліндегі Академиялық ғылыми жазба пәні 1-семестрден 2-семестрге ауыстырылды. Жоғары оқу орны компонентіндегі Әл-Фараби мұрасында дін және мемлекет қатынасы пәні 2-семестрден 1-семестрге ауыстырылды.

Жалпы магистратура 7M02210-Тарих ББ бағдарламасы 2 жылға 120 кредитті қамтиды. Оның ішінде базалық пәндер 35 кредит, Бейіндеуіш пәндер циклі – 53 кредит. Ғылыми зерттеу жұмысы – 24 кредит және магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау – 8 кредитті қамтиды. 7M02210-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуіш пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері өзгертілді:

1. Қазіргі тарихи ғылымдағы пәнаралық әдістер / Орталық Азиядағы этносаяси процестер – 10 кредит.
2. Әлем тарихының іргелі мәселелері / Тарихнама мен деректанудың теориялық-методологиялық мәселелері – 9 кредит.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуіш пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері:

1. Түркі тілдеріндегі сөздер мен фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері/ XV-XIX ғасырлардағы түркі тілдерінің зерттелуі – 5тен-6 кредит

2. Түркі халықтары туралы зерттеулердің этно-генетикалық және генеалогиялық негіздері/ Еуропа ғалымдарының түркітанымдық зерттеулері– 5-тен – 6 кредит

3. XI-XVI ғасырлардағы араб жазуындағы түркі ескерткіштері/ Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу әдіснамасы – 5-тен – 7 кредит болып өзгертілді.

## **2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АҚПАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

### **1.Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу**

АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова: магистратура, докторантура деңгейінде ББлар үшін Нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуін назарға алған жөн. Олардың ішінде «Педагог» кәсіптік стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 қаңтардағы № 29 бұйрығымен өзгеріс енгізілген). Аталған құжаттар негізінде БББ сапасын қамтамасыз етуіміз керек.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Кенан Семиз: Ахмет Ясауи университеті, Филология факультеті, Түрік филологиясы кафедрасына қарасты 7M02212-Түркітану және 7M02314-Шетел филологиясы: түрік тілі БББ бойынша кафедрадағы жұмыс тобы аудит өткізді. 7M02212-Түркітану БББ жаз айында Есуводан сарапшылар тарапынан келген ескертулер нәтижесінде 100 пайыз қайта қаралып, сарапшы ескертулері ескеріліп жаңартылды.

### **2.Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу**

Ақпан айында АК мүшесі, академиялық персонал PhD Ж.Е.Нұрматов сөз алып, 7M02262-Геология ББ бойынша жұмыс жасалып жатқандығын, ал АК мүшесі, академиялық персонал К.Семиз 7M02212 Түркітану ББ жүктелгендігін айтып өтті. Сондай-ақ кафедраға қарасты 7M02212-Түркітану және 7M02314-Шетел филологиясы: түрік тілі БББ толықтай жүз пайыз жаңартылғандығына тоқталды.

АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова: ББ әзірлеуде жұмыс беруші өкілдері мен білім алушылар, кафедра ұжымы ұсыныстары ескеріліп келеді. Мысалы, магистратура деңгейінде ББ жаңарту үшін Ғылыми-зерттеу модульдерінде пререквизит, постреквизиттерді дұрыс анықтау мәселесі де қарастырылды.

### **3.Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру**

Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру жұмыстары басшылық тарапынан ұйымдастырылып, кафедра тарапынан тізімде көрсетілген ББ бойынша ОПҚ, білімгерлер мен жұмыс беруші өкілдері эксперттер тобының жұмысына толықтай қатысып, белсенділік танытты.



Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізілді. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жанарту және жана ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу жасыланды. 7M02212 Түркітану ББ жүктелді, 7M02210 Тарих ББ дайын және жуық арада жүктелетін болады. Сондай-ақ Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастырылды.

## **2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

**1.ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету**

Наурыз айында 7M02210 Тарих ББ және Тарих докторантура ББ тізімдемеге тіркелді. Нәтижесі күтілуде. 6B02228-Дінтану және 6B02229-Теология ББ жалпы кредиттер санын 240-тан 260-қа көтеруге байланысты ББ өзгерістер орын алғандықтан реттеу жұмыстары жүргізіліп жатқандығын жауапты АК мүшелері айтып өтті.

### **2.Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау**

ГОСО-дағы кейбір нормативтердің өзгеруіне байланысты ББ кредиттерінде орын алған өзгерістер реттелді, 7M02210 Тарих ББ және Тарих докторантура ББ тізімдемеге тіркелді.

## **2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

### **1.ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау**

АК төрағасы мен мен мүшелері ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында дінтану-теология ББ бойынша сұранысқа жауап бере алатын сапалы маман дайындау мақсатында 240 кредиттен 260 кредитке көтеру үшін айтылған ұсынысқа университет басшылығының оң қабақ танытып, қолдау көрсеткендігін және 2-8 қосымша үшін қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын сатып алуға факультеттерден ұсыныс беруге мүмкіндік жасауын ББ үшін үлкен қолдау екендігіне тоқталды.

### **2.ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау**

Әр білім беру бағдарламасы бойынша пән оқытушыларының тізімі адам ресурстары бөлімі берген үлгі бойынша гулг дискте excell форматында дайындалып, аты-жөні, жсн, мекен-жайы, жұмыс орны, бітірген оқу орны, дипломдары, беретін пәндері, біліктілік сертификаттары және сол пәндер бойынша пән оқытушысының біліктілігінің сәйкестігі анықталып көрсетілді (*АК 7-хаттама*).

### **3.Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу**

Дінтану-теология ББ жұмыс берушілердің сұранысына орай 260 кредитке көтеріліп, араб тілі мен құрантану пәнінің кредиті де артқандықтан және университет басшылығының дінтану-теология саласына аса мән беріп Түркиядан ана тілі арапша оқытушы алып келу мүмкіндігі бар екендігі, бұл бойынша ректор өкілі П.Батталға ұсыныс берілу керектігі түркиялық дінтанушы профессорлар тарапынан ортаға салынды.

**3.ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.**

АК мүшелері Теология факультеті ОПҚ тарапынан 11 оқу құралының дайындалып жатқандығын, Діндер тарихы (6,1 б.т.) мен Дін және заңнама (6,2 б.т.) оқу құралдары шыққандығы, маусым айында 2 оқу құралы шығатындығы, дегенмен 2-8 қосымша үшін бұл жеткіліксіз екендігін ортаға салды. Берілген ұсыныста тізімде көрсетілген Ресей баспаларынан шыққан оқулықтарды университет сатып ала алмайтындығы, тек Қазақстан баспаларынан шыққан оқулықтар сатып алынатындықтан тізімнің қысқарғандығы айтылды.

#### **4.Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау**

7M02262-Теология, 7M02211-Дінтану, 6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану ББ сәуір айында есувоға жүктелді. 27.03.2023 ж. Теология факультетінің деканы Д.Кенжетасев тарапынан бакалавриаттық жаңа 6B02286-Философия-дінтану және 6B03187-Психология-дінтану ББ жасау жөнінде шешім қабылданып, жұмыс тобы құрылды.

#### **2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАМЫР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

##### **1.ӘР ББ өзіндік бағалау жүргізу:**

##### *1.1.Соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;*

АК төрағасы PhD Д.Ш.Шауенов 6B02228-Дінтану және 6B02229-Теология білім беру бағдарламасы «Атамекен ҰҚП» оқу бағдарламаларының рейтингіне қатыспағандығын алға тартты.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Кенан Семиз Түркология кафедрасына қарасты 7M02212-Түркітану БББ соңғы 3 жылда ешқандай рейтингке қатыспағандығын ортаға салды.

АК мүшесі, академиялық персонал, т.ғ.к., доцент Г.Примкулова 6B02210-Тарих ББ бойынша орташа позицияда тұрғандығын, өткен жылдармен салыстырғанда динамика байқалмайтындығын, сондықтан осы көрсеткіштерді жандандыру үшін ББ әзірлеуде көп жұмыс жасалып жатқандығын алға тартты. Атап айтқанда ББ мақсатын нақтылау, оқыту нәтижелерін стандарттарға, нарық талабына сәйкестендіру, жаңа пәндер мен модульдер қарастыру сияқты.

##### *1.2.Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;*

АК төрағасы PhD Д.Ш.Шауенов 01.2022-30.07.2022 ж. 6B02228-Дінтану білім беру бағдарламасынан 2 студент, 7M02211-Дінтану білім беру бағдарламасынан 2 магистрант шетелдік университетте (19 Майыс университеті, Түркия республикасы) 1 семестр білім алып келгендігін ортаға салды.

2022-2023 оқу жылында Түркия Республикасы 19 Майыс университеті және Сивас Жумхуриет университетіне 10 студент және 1 магистрантты көктемгі семестрде оқып келу

үшін жоспарлагандығын, бірақ Түркиядағы төтенше жағдайға байланысты бұл жоспар орындалмағандығын ескертті.

АК мүшесі, академиялық персонал, т.ғ.к., доцент А.Сандыбаева бұл мәселе бойынша да бакалавриат, магистратура деңгейінде отандық, Түркиялық жетекші университеттердің ББ бағдарламалары талданып, сараланғандығын айтты. Болашақта осы бағытта серіктестік қарым-қатынастарды нығайту, ішкі және сыртқы бағдарламалар бойынша білім алушылар санын арттыру мәселелеріне көңіл бөлген дұрыс болатындығын алға тартты.

Алдағы жылы ББ дайындауда қазақстандық, шетелдік жетекші университеттердің ББ негізге алына отырып жасалынуы керектігі жөнінде шешім қабылданды.

### *1.3. Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;*

6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология білім беру бағдарламасы Эрасмус, Мәулана, Орхун сияқты халықаралық бағдарламалар аясында студенттердің ішкі және сыртқы ұтқырлықтарын жүзеге асыру мақсатында серіктес (Сақаря, Анкара, Мармара және т.б) университеттердегі білім беру бағдарламалардың оқу жоспарын ескере отырып еңбек сыйымдылығы 240 академиялық кредиттен 260 академиялық кредитке көбейтіліп Реестрге жүктелді. 7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология, 6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология білім беру бағдарламасы жанартылып сараптамаға жіберілді.

АК мүшесі, академиялық персонал PhD Р.Хәзіретәліқызы ББ бағдарламаларын әзірлеу процесі жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс негізінде нәтижелі болады деді. Сондықтан осы бағытта жұмыс жасау барысында кафедрада ББ деңгейлері бойынша байланыс оқу жылы бойы жүргізіледі. Бұл жұмыс тек ББ әзірлеуде ғана емес диплом жұмысы мен жоба тақырыптарын талқылауда, білім алушылардың практика базаларын анықтауда маңызды процес болып саналады. Сондықтан жұмыс берушілермен ББ әзірлеу жан-жақты байланысты талап ететіндігін ортаға салды.

### *1.4. Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;*

АК мүшесі, академиялық персонал PhD Ж.Е.Нұрматов: 6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология білім беру бағдарламасы бойынша үнемі жұмыс берушілермен және түлектермен тығыз байланыс жасаудамыз. Дінтану-теология ББ бойынша білімгерлердің, жұмыс берушілер мен түлектердің сауалнама нәтижелері АК құрамы мен ББ құрастырушылары тарапынан назарға алынып, бұдан да жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін жұмыстар жасалуда.

АК мүшесі, академиялық персонал т.ғ.к., доцент Г.Примкулова әр оқу жылының қорытындысын шығаруда білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың сауалнама барысында беретін жауаптары кадр даярлау сапасына ерекше әсер етіп, олардың пікірлері мен ұсыныстары ескеріліп отырады деді. Соның ішінде, мысалы, «Жұмыс берушілердің түлектердің дайындық сапасына қанағаттанушылық» сауалнамасы аса маңызды екендігі айтылды.

### *1.5. Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;*

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Кенан Семиз: Кафедрамызға қарасты 7M02212-Түркітану БББ контингенті бойынша соңғы 2 жылда 3 магистрант білім алды. 7M02314-Шетел филологиясы: түрік тілі БББ бойынша соңғы екі жылда контингент болмады екіншіше орай. Сол контингентті қалыптастыру үшін бітіруші бакалавр студенттеріне кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді.

АК төрағасы, PhD Д.Ш.Шауенов: 6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология ББ бойынша білімгерлердің контингентін арттыру мақсатында Дінтану және Теология ОПҚ Қазақстандағы қалалар мен облыстарға кәсіби бағдар бойынша түсіндіру жұмыстарымен іссапарлар жалғасуда. Факультет деканы Д.Кенжетаяев, Ректор-өкілі П.Баттал, Теология кафедрасының профессоры М.Йылмаз мамыр айында Сарыағаш медресесі басшылығымен медресе түлектерін университетке тарту мәселесі бойынша кездесіп қайтты.

### ***1.6.Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;***

АК төрағасы, PhD Д.Ш.Шауенов: 2021-2022 оқу жылында 6B02228-Дінтану, 7M02211-Дінтану ББ бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші 68 %-ды құрайды. Негізінде өндірістік практика өткізілетін мекемелер біздің жұмыс берушілердің қатарына кіреді. Сондықтан болашақта түлектердің жұмысқа орналасуы мүмкін болған мекемелермен байланысты арттыруымыз керек.

АК мүшесі, академиялық персонал PhD Ж.Е.Нұрматов: 6B02229-Теология және 7M02262-Теология ББ бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші 70 %-ды құрайды.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Кенан Семиз: Кафедрамызға қарасты 7M02212-Түркітану БББ бойынша жұмысқа орналасу нәтижесі қанағаттанарлық.

### **2.Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау**

Мамыр айында АК аясындағы қолданыстағы білім беру бағдарламалары толықтай жаңартылды және Теология факультетінде 27.03.2023 ж. ББ жұмыс тобы құрылып, жана 6B02286-Философия-дінтану және 6B03187-Психология-дінтану ББ дайындалды. Тарих, Түркология, Дінтану, Теология және Исламтану ББ бойынша қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ жаңартылды.

Академиялық комитеттің № 8 мәжілісінде 30 05 2023ж талқыланып, бекітуге ұсынылды

АК төрағасы  Д.Шауенов